

Сірнені жеткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің 1995 жылғы 3 қаңтардағы N 2-р Өкімі

1. Республиканың наубайхана кәсіпорындарының іркіліссіз жұмысын қамтамасыз ету, оларды өздері шығаратын ашытқымен жабдықтау мақсатында Алматы, Жамбыл және Талдықорған облыстарының әкімдері аталған облыстарда орналасқан қант заводтарының басшыларымен бірлесе отырып Алматының ашытқы заводына 1994 жылдың астығынан бастап қосымшаға сәйкес кәсіпорындар бойынша ашытқы шығару үшін 11 мың тонна сірне беруге онымен өзара тиімді жағдайда контракттар жасау мәселесін пысықтайтын болсын.

2. Сірненің өзіндік ресурстарының шектеулілігін ескере отырып оны республикадан тысқары жерлерге шығару уақытша тоқтатылсын.

Премьер-министр

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - м и н и с т р і н і ң

1 9 9 5

ж ы л ғ ы

3

қ а ң т а р д а ғ ы

2 өкіміне қосымша

Алматының ашытқы заводына республиканың қант заводтарынан жыл сайын берілетін сірне көлемі

Қант заводтарының а т а у ы	Беру көлемі
А л м а т ы	2 0 0 0
М е р к е	2 2 0 0
Ш у	8 0 0
Т а л д ы қ о р ғ а н	2 5 0 0
А қ с у	2 0 0 0
А л а к ө л	1 5 0 0
Барлығы:	11000